

42 Зорлықшыл қылмыскерлер мен бұзақылардың криминологиялық сипаттамасы

1 Зорлықшыл қылмыскерлердің негізгі типтері

Қоғамға қайшы мінез-құлқының бағытының сипатына қарай зорлықшыл қылмыскерлердің негізгі үш типі көрсетіледі

Бірінші типіне қоғамға қайшы агрессивті-зорлықшыл мінез-құлқы айқын және тұрақты қылмыскерлер жатады


Мінез-құлықтары адамдардың өмірі, денсаулығы, қадір-қасиетіне қауіп төндіретін тұлғалар

Оларға адами құндылықтарға және оның маңызды игіліктеріне негативті-келеңсіз қарау тән, туындаған дауларды күш қолдану арқылы шешуге қажеттілігіне сенімді адамдар жатады

Тұлға мінез-құлқының осы типі - тұлғаның жеке басының деформациялануы, өмірлік ұстанымдарының эгоцентрикалық сипатының жемісі


Зорлық-зомбылық қылмыстары үшін сотталған тұлғалар арасында осы типтегі қылмыскерлердің үлесі 45-50 пайызды құрайды

Екінші типке түрлі құқық бұзушылықтар жасаған, бірақ күш қолдануды қолдай бермейтін тұлғалар жатады



Олардың зорлық-зомбылық қылмыстарды жасауы өздері үшін өмірлік маңызы бар құндылықтарға қол жеткізу құралы, белгілі бір игіліктерді иеленудің тәсілі ретінде орнығады. Талданып отырған қылмыстылық үшін сотталғандар арасындағы екінші типтегі ұылмыскерлердің үлесі - 20 пайызға жуықтайды.

Үшінші типке ситуациялық, кездейсоқ қылмыскерлерді жатқызуға болады



Бұл қылмыскерлер қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағанға дейінгі уақытта өздерінің жалпы жағымды немесе бейтарап мінез-құлқымен сипатталады

Зорлық-зомбылық қылмыстарын сыртқы келеңсіз жағдайлардың әсерінен алғаш рет жасаған тұлғалар

Бұлардың мінез-құлқында алғашқы екі тип үшін тән агрессивті элементтер жоқ. Олар күш көрсетуді, зорлық-зомбылықты орын алған жағдайларға жауап ретінде ғана қолданады.

Сотталғандардың арасында бұл типтегі қылмыскерлердің үлесі 30 пайызға жуық

2 Зорлықшыл қылмыскерлердің жеке тұлғасының сипаттамасы

Жынысы бойынша сипаттамасы

Зорлық-зомбылық қылмыстарын және бұзақылықты жасайтын тұлғалардың басым көпшілігі (90-93 пайызы) - *ер адамдар*. Бұл еркектер мен әйел адамдар үшін тән әлеуметтік рольдерімен, түрлі жыныстағы тұлғалардың психофизикалық ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Бос уақытын өткізуде еркектер даулы жағдайларға алып келетін, арты төбелеске айналатын кездейсоқ адамдармен ішімдік ішуге, серіктес болуға бейім болады.

Еркектер мен әйелдер жасайтын зорлықшыл қылмыстар ниеттерінің арасында да қайшылықтар бар. Әйелдердің қылмыстық ниеттері көп жағдайда қызғаныштан, кек алудан, көре алмаушылықтан, жәбірленушіден құтылу ойынан және т.б. туындап жатады. Зорлықшыл қылмыстардың көпшілігін әйел адамдар жәбірленушінің виктимді мінез-құлқының нәтижесінде жасайды.

Бұзақылық немесе пайдакүнемдік ниетпен, қарақшылық шабуыл кезінде адам өлтіру және өзге де ауыр қылмыстарды жасауда әйелдердің қатысуы сирек те болса кездесіп жатады, олар аса қатыгездігімен ерекшеленеді

Жасына қарай сипаттамасы



Зорлықшыл қылмыскерлер және бұзақылардың басым көпшілігі жастар мен орта (40 жасқа дейін) жастағы адамдар

Қылмыстық белсенділігі ең жоғары топ - 25-29 жас арасындағы тұлғалар. Белсенділік дәрежесіне қарай келесі орындарға 18-24, 30-39, 16-17 жастағылар орналасады.

Ересектерге қарағанда жасөспірімдер әдетте ерік-жігерінің әлсіздігімен, келеңсіз құбылыстарға еліктеуге бейімділігімен, қызуқандылығымен, сенгіштігімен ерекшеленеді, олар қоғамға қайшы элементтердің ықпалына, оның ішінде еліктеу, азғыру, тарту тәсілдері арқылы тез түседі.

Білім деңгейі бойынша сипаттамасы



70 пайызы - жалпы орта білімділер

15 пайызының орта кәсіптік мамандығы бар

2 пайызы жоғары кәсіби білімге ие